

**XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ, ТАТАР, БАШҚҰРТ
ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ**

Мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ, татар, башқұрт әдеби байланыстары талданады. XX ғасырдың басында татар әдебиеті барынша дамыды. Ол он ғасыр бойы жасай алмаған әдебиетін жасап, он ғасыр бойы тудыра алмаған әдебиет алыптарын тудырды. XX ғасырдың басындағы татар мәдениеті көптеген түрік тұқымдас халықтардың мәдениетінен озық тұрды. Ал татар әдебиеті өзінің озық идеялары, көркемдік шеберлігімен басқа түркі тектес халықтардың әдебиетшілеріне үлгі-өнеге болды, татар арасынан ірі-ірі ақын-жазушылар шығып олар басқалар оқып-үйренерлік,

Түйін сөздер: әдеби байланыс, татар әдебиеті, әдеби мұра, екі әдебиетке ортақ өкіл, ырғақ, буын, ұйқас заңдылықтары.

XX ғасырдың басында татар әдебиеті барынша дамыды. Ол он ғасыр бойы жасай алмаған әдебиетін жасап, он ғасыр бойы тудыра алмаған әдебиет алыптарын тудырды.

XX ғасырдың басындағы татар мәдениеті көптеген түрік тұқымдас халықтардың мәдениетінен озық тұрды. Ал татар әдебиеті өзінің озық идеялары, көркемдік шеберлігімен басқа түркі тектес халықтардың әдебиетшілеріне үлгі-өнеге болды, татар арасынан ірі-ірі ақын-жазушылар шығып олар басқалар оқып-үйренерлік, тәлім аларлық бірсыпыра көркем туындылар берді. Мұндай адамдардың қатарына татардың XX ғасырдың басында өмір сүргенҚоғам және мәдениет қайраткерлері Х. Ямашев, М.Вахитов, Ғ.Құлахметов аса көрнекті ақын жазушылары Ғ.Тоқай,

Ғ.Ибраһимов, М.Ғафури, Ф.Кәріми, Ғ.Камал, Ф.Әмірхан, М.Фаизи т.б. қосуға болады.

Академик-жазушы С.Мұқанов татар әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игілікті ықпалы жөнінде: «Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибраһимов, Мәжит Ғафури, Ғалиасқар Камал, Фатиз Әмірхан, Ғафур Құлахметов сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақынжазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді. Татар әдебиеті және жекелеген татар жазушылары бізден басқа халықтардың да әдебиетіне да ықпал жасады. Мұның өзі түрікмен жазушысы Берді Кербабаев, өзбек жазушылары Абдолла Қадыри, Ғафур Ғұлам және тәжік жазушысы Садриддин Айнилардың шығармашылығынан айқын көрінеді. Мұның өзі бүкіл әлемге белгілі жайт» [1, 84] десе, белгілі қазақ жазушысы Ғ.Мұстафин: «Қалың татар көрмей жүрген халқымыз емес, қашанда адал ниетті көршіміз, ақ тілеулі ағамыз. Сахарада көзін ашқан жас балапан жазба әдебиетіміздің балақ жүнін түлеткен де- солар, төңкеріске дейін азын-аулақ кітаптарымыз болды десек, соның қай-қайсысында да кәрі қара шаңырақ Қазанның аты жазылған. Татар мәдениеті қазақ үшін көз көрмеген, аяқ баспаған бейтаныс өлке емес. Оның самалын ертеден–ақ саялап, оның миуасын баяғыда-ақ татқанбыз. Тәтті екен – тамсанғанбыз. Шөлдей, өлікпей ұмтылғанбыз сол жаққа» [2].

XX ғасырдың басындағы татардың мәдениеті мен әдебиетінің ең көрнекті өкілі болған және татар әдебиетіне ғана емес, сонымен бірге бүкіл түркі тектес

халықтардың әдебиетіне, көптеген ақын-жазушылары елеулі ықпал жасап, әсерін тигізген татардың ұлы халық ақыны Ғабдолла Тоқай (1886-1913) еді. Өйкені Ғ.Тоқай өзінің әлеуметтік мазмұны терең, көркемдік дережесі жоғары,

шыншыл шығармаларымен татар әдебиетін идеалық-көркемдік жағынан байытып оны биік сатыға көтереді.

Ол тек татар әдебиеті үшін ғана емес, бәлкім бүкіл дүние жүзінің классикалық әдебиеті үшін де маңызы бар шығармалар жазып, татар поэзиясы

оның әдебиетінің негізін салған зор талант иесі болды.

Тоқай Оралда тұрған кезінде қазақтармен тығыз қарым-қатынас жасайды, медреседе оқып жүргенде, ондағы Ерғали, Нұрғали деген қазақ шәкірттерімен

достас, пікірлес, сырлас болады. Қала маңындағы Жымпиты, Қартөбе қазақ

ауылдарына барып тұрады. Ол қазақ өлеңдерінің жарқын образға толы екенін айтып қайран қалады. Махаббат тақырыбына жазылған бір өлеңінен үзінді келтіре отырып, Тоқай былай дейді: «Осымен қатар менің оң жағымда бір парақ

қағазға жазылған қазақ өлеңі жатыр. Бұл өлең мынау:

Қарағым, айналайын, сіз қызғалдақ,
Сізлерге берген екен мал менен бақ...
Құрбының арманы не сізді құшқан,
Аузың – бал, тілің – шекер, қойның – жұмақ.

Көресіз бе? Бұл қазақ ақыны өзінің сүйгенін қалай мақтай білген! Міне, осылардың бәріне қарағанда, біздің татарлар өлең жағынан қазақтардан да артта қалған екен» [3, 144]. Тоқай мұнда, қазақтың халық өлеңдерінде адамның көңіл-күйі, ішкі сезімі нанымды, әсерлі суреттелетініне баса назар аударған

Ғ.Тоқай 1910 жылы 15 сәуірде Қазан қаласында «Шарқ» (Күншығыс) клубында «Халық әдебиеті туралы» деген тақырыпта көпшілікке арнап лекция

оқиды. Жұртшылық алдында оқыған осы лекциясында ол татардың көптеген кітаптарының басқа тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде жазылатынын айтады.

Бұған мысал терінде «Таһир Зухра» дастанын келтіреді. «Бұл татар кітабы болғанымен, ол қазақ тілінде жазылған» дейді. Тоқай сонымен бірге жалпы қазақ әдебиеті туралы жоғары пікір білдіріп, қазақ өлеңдері әдемі, әсерлі екенін атап өтеді. Бұған мысал ретінде әлгі қазақ тілінде жазылған «ТаһирЗухра» дастанының өте әсерлі екенін айтып, «менің ойымша кішкентай

шағында осы кітапты оқып, жыламай өскен еркек пен әйелдеріміз сирек» [4, 272], – дейді. Оның «Уаллаһи» атты өлеңінен қазақ жері жөнжолдарын кездестіруге болады:

Бақыттылар қырды жайлайды,
Ақ нанға қосып жейтіндей саф ауа,
Көкорай шалғын, құстар да сайрайды,
Ақша бұлттар көшпелі қазақтардай жосып,
Көктен бір түнейтін қоныс сайлайды.
Сәл ғана самал жел ессе,
Өсімдіктер жер бетінде ырғалып, ойнайды.

«Міне, таза ауа, кең далада көңілденіп отырғанда жазыла салған бір жыр бұл» [5, 158], деп жазады ақын өлеңінің соңында.

Қысқасы, XX ғасырдың қазақ әдебиетінің даму тарихында Ғ.Тоқайдың ұстаздық рөлі ерекше орын алады.

Татар-башқұрт әдебиетінің классигі Мәжит Ғафури (1888-1934) көп жыл бойы Тройцк қаласында тұрды. Жаз күндері қазақ ауылдарына барып, мұғалім болып, бала оқытты. Сонда жүріп қазақ халқының өлең-жырымен, ән-күйімен танысты.

М. Ғафуриің шығармашылық бетінің қалыптасуына қазақтың халық өнерінің елеулі әсері болған. Оны ақынның өзі де мойындаған. Мәселен, өзінің

өмірбаянында Ғафури былай деп жазады: «Қазақтардың сөзге шешендігі олардың өлеңге және өлең шығаруға деген табиғи қабілеті (таланты), поэзияға

толы көшпелі өмірі, қазақ әйелдерінің басқа шығыс әйелдеріне қарағанда еркін

өмірі және олардың жүздерін жасырмай, ашық жүруі – міне, осының барлығы

да маған үлкен әсер етті. Сондықтан да олармен бірге өткізген жеті жыл менің өмірімде өмір бойы өшпес із қалдырды... Мен ол күндерімді қазір де асқан

сүйіспеншілікпен есіме аламын және ол жылдарға деген менің құрметім есімнен өмір бой өшпек емес» [6,24].

Мәжит Ғафури қазақ халқының тұрмыс салтындағы көптеген жақсы әдет-ғұрыптарды, әсіресе қазақтардың суырып салма ақындық (импровизаторлық)

өнерін өз бойына сіңіре білген. Ол кейбір айтыстарда, талас-тартыстарда өлеңді

табан астында суырып салып, шығарып отырған. Мәселен, Ғафури бір қазақбайының үйіне келіп қонғанда, өзіне жөндеп төсек салып бермегені үшін

өкпелеп, табан астында байға арнап мынадай бір шумақ өлең шығарыпты:

Екі	қат	көрпе-	жастық	Желдірбайға,
Төселген		сондай	орын	Мұсатайға,

Кір жастық, жыртық көрпе мына бізге,
Жатайық дау шығармай енді жайға [7, 10-13].

Мұны естіген үй иесі өз қателігін түсініп, Ғафуриге қайта төсек салып беріп, жақсылап сыйлап, жөнелтеді. Жалпы М. Ғафури өлеңдерінде қазақ өлеңінің құрылысы (он бір буынды қара өлең), ұйқасы (а,а,б,а) және ырғағы (3,4,4) үнемі сақталып отырады. Мұны, әсіресе, оның «Сібір темір жолы», «Шаттық жыры», «Бай адам», «Қорқақтық», «Алмашыну» т.б. өлеңдерінен анық байқауға болады.

М. Ғафуридің қазақ халқына деген сүйіспеншілігі мен құрметін ақынның баласы Әнуар Ғафури өзінің «Қонақжай елде» деген әңгімесінде толық әрі анық жазған.

Қазақ арасында жүріп өз шығармаларын қазақ, татар тілдерінде қатар жазған, сондықтан туысқан екі әдебиеттің ортақ өкілі саналатын ақындардың бірі, әрі драматург – Әкрам Ғалымов (1892-1913). Әкрамның әкесі Меңдіғалым

деген кісі Уфа губерниясында дүниеге келген. Жас кезінде Троицкіге келіп, Мұхаметжан хазірет дегеннің медресесінде оқиды. Ол кейін Түркістан жағында біраз болады да, кейін Ақмола маңына келеді. Қазақ балаларын оқытады. Осында Қазаннан келген бір қызға үйленеді. Одан Әкрам туады. Сөйтіп Әкрам Ғалымов Ақмола қаласында, татар отбасында туады, сонда оқып, білім алады. Кейін Троицк, Қостанай медреселерінде оқиды. Содан соң Қостанайда мұғалім болып, бала оқытады. Өмірінің соңғы жылдарында «Айқап» журналында жауапты хатшы болып істейді.

Әкрам қаршадайынан-ақ қазақ және татар тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы «Жастық жемістері» деген атпен 1912

жылы Қазан қаласында, қазақ тілінде басылып шығады. Жиырма сегіз беттік жинағындағы бұл өлеңдерін Әкрам нағыз қазақ ақындарынша төгілдіріп жазады.

Әкрам драматургиямен де әуестенеді. Қостанай молдаларының басынан өткен бір оқиғаны пайдаланып, «Май мәселесі» атты бір перделері күлдіргі пьеса жазады. Қостанайдың көркемөнерпаз әуесқойлары бұл пьесаны сол кездің өзінде-ақ сахнаға қойып, бүкіл қаланы шулатады. Троицкідегі «Хызмет»

баспасы бұл пьесаны 1913 жылы өз алдына жеке кітап етіп шығарады.

Әкрам Ғалымов жастай қайтыс болған. Бірақ осыған қарамастан ол артына едәуір әдеби мұра қалдырған. Оның жоғарыда аталған екі кітабынан басқа да бірнеше шығармалары баспа бетін көрген. Мәселен, «Айқап» журналының 1912жылғы 11 санында Әкрамның «Бишара қыз» атты көлемді әңгімесі жарияланды. Жазушы өзінің бұл әңгімесінде әйел теңдігі мәселесін сөз етіп, ескі

әдет-ғұрыптың құрбаны болған қазақ қызының ауыр халін, аянышты өлімін суреттейді. Ақынның «Айт күні», «Замандастарға», «Жұртқа қайтып жағу керек», «Қыс», «Өкініш» атты өлеңдері де осы журнал беттерінен орын алған.

Әкрамның «Не екен сұлу қыздың түсін алған» деп басталатын өлеңі Абайдың «Бір сұлу тұрыпты хан қолында» деп басталатын атақты өлеңімен өте үндес келеді.

Әкрам аударма ісімен де айналысқан. Мәселен, Ғ.Тоқайдың «Сүтке түскен тышқан» деген мысалын «Тышқаннан ғибрат» деген атпен аударып оны өзінің «Жастық жемістері» атты жинағына енгізеді, тіпті Әкрам ағылшынның ұлы ақыны Дж.Байронның «Шиллион тұтқыны» атты атақты поэмасын да орыс тілінен қазақ тіліне аударды.

Әкрам қазақтың сол кездегі көрнекті ақын-жазушылары М.Сералин, С.Торайғыров, С.Көбеев, М.Кәшимов, т.б. дос болған.

Ә.Ғалымов шығармаларында көбінесе халықтың көбінесе халықтың қараңғылығы, өнер-білімнен артта қалуы, қазақ әйелінің ауыр тұрмысы, қожамолдалардың арамзалығы сөз болады. Халықты оқу-білімге, өнер-ғылымға

үндейді, әйелдерге бас бостандығын беруге, теңдік әперуге шақырады. Әкрамшығармалары көбінесе өзінен бұрын және өз тұсында өмір сүріп, еңбек еткен қазақ пен татардың көрнекті ақын-жазушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев,

Ғ.Тоқай, С.Торайғыров, С.Көбеев шығармаларымен үндес келеді. Кейде олардың ықпалында болып, солардың сарынында өлең жазса, кейде өзі де олардың кейбіреулеріне әсер етіп отырады. Қайткен күнде де Әкрамның өмірі

мен шығармашылығы қазақ әдебиеті мен сабақтас, соның бірі бұтағы я жапырағы тәрізді жайқалып тұрады.

Татар, башқұрт және қазақ әдебиетінің байланысы жөнінде сөз болғанда, атақты ақын Шаихзада Бабичтің (1895-1919) есімі де еріксіз еске түседі. Ол он

бес жасынан бастап қазақ даласына жиі келеді, мұнда қазақ балаларын оқытады. 1911-1916 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде қазақ шәкірттері

– Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Н. Манаев, Ә.Мұстафиндермен бірге оқиды. Ш.Бабич жас кезінен-ақ татар-башқұрт ауыз әдебиетін жинау және үйренумен шұғылданған. Ол өзінің күнделік дәптеріне қазақтың 79 мақалмәтелін, көптеген қазақ өлеңдерін жазып алған. Ш.Бабич қазақ ауыз әдебиетін

жинаумен бірге, қазақ халқының жазба әдебиетін де өте ықыласпен оқып, үйрене бастайды. Жас ақынға әсіресе, А.Құнанбаевтың өлеңдері ерекше әсер етеді. Өзінің кейбір өлеңдерін (Мәселен, «Халқым үшін», «Күнә мен жаза» т.б.)

Абай өлеңдері үлгісінде жазады. Тіпті ол орыстың ұлы ақыны М.Ю.Лермонтов

шығармаларымен алғаш рет Абай аудармасы арқылы танысады [37, 48]. Бабич жалғыз Абай емес, қазақтың басқа да ақын- жазушыларымен, олардың шығармашылық ерекшеліктерімен жақсы таныс болған. Мұны оның кейбір шығармаларынан байқауға болады. Мәселен, ол әліпби тәртібімен жазған «Китаб ән-нас» сияқты ұзақ өлеңдерінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың көптеген ақын-жазушылары туралы пікір айтады [8:222].

Академик Қ.Жұмалиев Ш.Бабичті Абай шәкірттерінің қатарына қосқан. Міне, осының өзі-ақ Бабичтің қазақ әдебиетімен тығыз байланысын көрсетеді және оның шығармашылығы қазақ-татар әдебиетінің туысқандық байланысының жарқын бір беті болып табылады.

Қазақ тілін еркін игерген, оның бай ауыз әдебиетін жақсы білген, өз өлеңдерін кейде қазақтың өлең өлшемдерімен жазған татар ақындарының бірі

–
Зәкір Садықұлы Рәмиев – Дәрдмәнд (1859-1921). Ол Орынбор губерниясының

Сперлітамақ уезінде туған, көбінесе Орск маңында тұрған. Алғашқы өлеңдері 1902-1903 жылдары «Тәржіман», «Қазан мухбири» газеттерінде, кейін өзі шығарып тұрған «Уақыт» газетімен «Шора» журналында жиі жарияланып тұрды. Өмірінің көпшілігін қазақ арасында өткізген ақын қазақ тілін жақсы біледі, сондықтан өзінің өлеңдерінде қазақ сөздерін жиі қолданады, өлеңдерін

кейде қазақ жырының өлең өлшемдері, ырғақ, ұйқас түрлерімен жазады. Мәселен, оның 1906 жылы басылған «Яңбыр» («Жаңбыр») атты өлеңі тікелей қазақ өлеңінің үлгісінде жазылған.

Күн қызды, қызды ауа мұнарланып,
Сағымдап, қыр мен дала шұбарланып,
Ауа тымық, шық етпес, қысылды таң,
Жаңбыр күтед жер жүзі құмарланып,

Көрінді көк жүзінде қара бұлт,
Бұлғанып қайрат пенен о жарланып,
Жүгіртіп үйірмелер, естіріп жел,
Ашулы келе жатыр жұмарланып [9, 26].

Немесе:

Мүйізі бар қойдың бәрі қошқар емес,
Ұшқан құстың бәрі сұңқар емес,
Кімдер айтпас өлеңді, айтар бәрі,
Шоқандаған ақсақ есек тұлпар емес [9, 67]

Міне, татар ақыны Дәрдмәндтің бұл өлеңдерінің кәдімгі қазақ өлеңінен айырмасы аз. Алғашқы өлеңі Ы.Алтынсаринның «Сәуірде көтерілер рахмет туы» немесе А.Құнанбаевтың «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы» деген өлеңдерімен тақырып жөнінен де, көркемдік жағынан да, өлең құрылысы, өлшемі жағынан да үндесіп жатады. Тіпті, Дәрдмәнд өз өлеңдерінде татардың әдеби тілінде кездеспейтін, кездесе де өте сирек ұшырасатын қазақтың мұнарланып, сағымданып, шұбарланып, жұмарланып, о жарланып, оқырана, шуласып деген сөздерін де қолданады. Бұл сөздер татар тілінде болмағандықтан және татар оқушыларына түсініксіз болғандықтан, Дәрдмәнд кітабында оларға түсінік берген.

Дәрдмәндтің бұдан басқа «Өткен күндер», «Тал шыбық», «Корап» («Кеме»), «Балалар, бар мектепке!», «Кімдер айтпас өлеңді», «Жаз» сияқты өлеңдері де қазақ өлеңінің өлшемімен жазылған.

Қазақ өлеңдерінің өлшемін, ырғақ, буын, ұйқас заңдылықтарын пайдалану фактісін М.Ғафури, Н.Думави, Ә.Ғалымов, Ш.Бабич, Ф.Бурнаш шығармашылығынан да кездестіруге болады. Мысалы, М.Ғафуридің «Сібір темір жолы», «Бай», «Қорқақ», Фатхи Бурнаштың «Қорқыт», «Қазақ қызы», («Дала дауы»), «Сахара ханы» атты өлеңдері қазақтың өлең өлшемі, ұйқас, ырғақ заңдылықтарымен жазылған. Мұның өзі татар жазушыларының қазақ

ақындарына үнемі ұстаз ғана болмай, сонымен бірге олардың да қазақ әдебиетінен көп нәрсені оқып үйреніп отырғанын көрсетеді.

Татар мәдениеті мен әдебиетінің ықпалында болған қазақ ақынжазушыларының бірі және ең көрнектісі Мұхаметжан Серәлин (1871-1929) еді.

Мұхаметжанның әкесі Серәлі қазақ, ал, шешесі татар қызы болса керек. Мұхаметжан сегіз жасында медресеге оқуға түседі. Онда алты-жеті жыл оқиды,

мұсылманша орта дәрежелі білім алады. 1900 жылы ол татар миллионері Яушевке қызметке тұрады. Сонда жүріп татарша, орысша газет-журналдар оқиды, әдебиетпен әуестенеді, «Гүлкәшима» (1903), «Топ жарған» (1907) поэмаларын жазып шығарады, қазақ тілінде журнал шығару қажет екен деген ойға келеді. Ақыры ол 1911 жылдың қаңтар айынан бастап, Троицк қаласында

«Айқап» атты қазақ журналын шығара бастайды.

М.Серәлиннің татар жұртшылығы және оның мәдениетімен байланысын оның өзі шығарып тұрған «Айқап» журналының беттерінде жарияланған мақалаларынан анық көруге болады. Мұхаметжан «Айқап» журналында қазақтың сол кездегі жағдайы, тұрмыс-халі, оқу-ағарту мәселелерімен бірге көркем әдебиет мәселесіне, соның ішінде татар-қазақ әдебиеттерінің байланысы

мәселесіне де елеулі орын берген. Мәселен, «Айқап» журналының бетінде татардың көрнекті ағартушы ғалымы Шиһабетдин Маржани, «Тәржімән» газетінің редакторы Исмаил Гаспринский, татар халық ақыны Ғабдолла Тоқай

жөнінде арнайы мақала жазады. Әрине бүгінгі күннің тұрғысынан алып қарағанда, бұл мақалалардың бәрі бірдей ойдағыдай шыға бермейді. Дегенмен,

бұл мақалалар М.Серәлиннің татар халқына, оның мәдениеті мен әдебиетіне деген ілтипатын анық көрсетеді. Ол қай мақаласында болмасын татарларды «ноғай бауырларымыз» - деп атайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құдаш С. Жастық шақтың ізімен. -Алматы: Ғылым, 1966. -182 б.
2. Мұстафин Ғ. Армысың ағайын! // Қазақ әдебиеті, 1962. 26 қазан.

3. Галин С. Народной мудрости источник. Толковый словарь башкирского фольклора. –Уфа: Китап, 2007. -304 с.
4. Тоқай Ғ. Шығармалары, II Т. –Қазан: Китап, 1956. -180 б.
5. Антология поэзии Башкортстана. –Уфа: Китап, 2010. -456 с.
6. Закиев М. Татар халқы тарихы. –Қазан, 2008. -544 б.
7. Ғафури М. Шығармалары. III том. –Уфа: Китап, 1987. -165 б.
8. Бабич Ш. Шығармалары. –Уфа: Китап, 1958. -218 б.
9. Дәрдымәнд. Сайланма әсәрләр. I Т. –Казан: Китап, 1959. -210 б.